Қазақстан Республикасының
Қорғаныс Министрлігі

«24-ШІ ЖОЛ ПАЙДАЛАНУ УЧАСКЕСІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

БҰЙРЫҚ КӨШІРМЕСІ

Министерство обороны
Республики Казахстан

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «24 ДОРОЖНО-ЭКСПЛУАТАЦИОННЫЙ УЧАСТОК»

ВЫПИСКА ИЗ ПРИКАЗА

№ 7

2026 жылғы 16 қаңтар
Гвардейск қалашығы

16 января 2026 года
пгт. Гвардейский

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «24-ші жол-пайдалану учаскесі» республикалық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік сатып алу жоспарына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «24-ші жол пайдалану учаскесі» Республикалық мемлекеттік мекемесінің материалдық қамтамасыз ету бөлімі басшысының 2026 жылғы 16 қаңтардағы № 27/і баянаты негізінде «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ Заңының 6 бабының, 2, 6 тармақтарының, 10 бабының және 16 бабы, 2 тармағы, 2 тармақшасының талаптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «24-ші жол пайдалану учаскесі» Республикалық мемлекеттік мекемесінің «24-ші жол пайдалану учаскесі» Республикалық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы «Мемлекеттік сатып алу» жоспарына төмендегі өзгерістер енгізілсін:

1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «24-ші жол пайдалану учаскесі» Республикалық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы «Мемлекеттік сатып алу» жоспарындағы 141, 149, 152, 159 және 169 ерекшеліктер 167 ерекшелікке ауыстырылсын.

2) 141 ерекшелік «Тамақ өнімдерін сатып алу», атап айтқанда сүт өнімін сатып алу хабарландыруының техникалық ерекшелігіне (сипаттамасына) өзгеріс енгізіп, сатып алу үшін бағалық ұсыныстарға сұраным тәсілімен мемлекеттік сатып алу веб порталында хабарландыру құрылсын.

3) 149 ерекшелік «Өзге де қорларды сатып алуға», атап айтқанда кеңсе жабдықтарын (құралдарын) сатып алу хабарландыруының техникалық ерекшелігіне (сипаттамасына) өзгеріс енгізіп, сатып алу үшін бағалық ұсыныстарға сұраным тәсілімен мемлекеттік сатып алу веб порталында хабарландыру құрылсын.

4) 149 ерекшелік бойынша «Өзге де қорларды сатып алуға», атап айқанда принтерлерге арналған картриджерді сатып алу хабарландыруының техникалық

Сканировано с CamScanner

ерекшелігіне (сипаттамасына) өзгеріс енгізіп, сатып алу үшін бағалық ұсыныстарға сұраным тәсілімен мемлекеттік сатып алу веб порталында хабарландыру құрылсын.

5) 152 ерекшелік «Байланыс қызметтеріне ақы төлеу», атап айтқанда интернетке қолжеткізу және телефон байланысы бойынша қызметтерді сатып алу хабарландыруының техникалық ерекшелігіне (сипаттамасына) өзгеріс енгізіп, сатып алу үшін шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу веб порталында хабарландыру құрылсын.

6) 159 ерекшелік «Жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге төлеу жүргізуге», атап айтқанда картриджерді толтыру қызметін сатып алу хабарландыруының техникалық ерекшелігіне (сипаттамасына) өзгеріс енгізіп, сатып алу үшін бағалық ұсыныстарға сұраным тәсілімен мемлекеттік сатып алу веб порталында хабарландыру құрылсын.

7) 159 ерекшелік бойынша «Жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге төлеу жүргізуге», атап айтқанда компьютерлік/сырттағы кеңсе техникасын/жабдықтарын және оларды бөліктерін техникалық қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету қызметін сатып алу хабарландыруының техникалық ерекшелігіне (сипаттамасына) өзгеріс енгізіп, сатып алу үшін бағалық ұсыныстарға сұраным тәсілімен мемлекеттік сатып алу веб порталында хабарландыру құрылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жол-пайдалану учаскесі басшысының орынбасарына жүктелсін.

3. Бұйрық барлық жеке құрамға оларға қатысты бөлігіне жеткізілсін.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «24-ші жол-пайдалану учаскесі» республикалық мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін уақытша атқарушы

азаматтық персонал к/р Р. Сатыбеков

Көшірме дұрыс:

Құжаттармен қамтамасыз ету бөлімше басшысы

азаматтық персонал Н. Шаманова

Сканировано с CamScanner